


Yerzhan Tatishev
Foundation

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
ANNUAL REPORT
ГОДОВОЙ ОТЧЕТ

2008



Қордың *миссиясы*


Халықаралық деңгейдегі жоғары білікті қаржылық элитаны қалыптастыру арқылы Қазақстанның тұрақты ұзақ мерзімдік дамуына ықпал ету

Mission *of the Foundation*

Contribute to longterm sustainable development of Kazakhstan through formation of highly qualified financial elite of international level

Миссия *Фонда*

Содействие устойчивому долгосрочному развитию Казахстана путем формирования высокопрофессиональной финансовой элиты международного уровня



Мазмұндама

Қор туралы	6
Білім бағдарламалары	7
Кентау қаласындағы жастарды дамыту бағдарламасы	12
Коммерциялық емес ұйымдарға арналған гранттар бағдарламасы	14
Қазақстандағы халықтардың көркем қолөнер кәсіпшілігін жаңғырту және қолөнерді дамыту бағдарламасы	18
Қаржылық шығындар құрылымы	20
Ұйымның құрылымы	21



Content

About the Foundation	24
Educational Programs	25
Program for Youth Development in Kentaу, South Kazakhstan	30
NGO Grant Programs	32
Program for the Development of Handicrafts and the Revival of Folk Art	36
The structure of organizational expenditures for 2008	38
Organizational Structure	39

Содержание

О Фонде	42
Программа поддержки образования	43
Программа поддержки развития молодежи г. Кентау, ЮКО.	48
Программа грантов для некоммерческих организаций.	50
Программа развития ремесел и возрождения народных художественных промыслов	56
Структура финансовых расходов.	58
Структура организации.	59





Тәтішев Ерлан Нұрiлдәiмұлы
*«Ержан Тәтiшев Қоры»
Қоғамдық Қорының
Қамқоршылық Кеңесiнiң төрағасы*

Қымбатты оқырман,

Біз Сізбен «Ержан Тәтішев Қоры» қоғамдық қорының 2008 жылғы жылдық есеп беттерінен қауышып отырғанымызға қуаныштымыз. 2008 жыл өзінің жарқын уақиғаларымен, соның ішінде іске асырылған жаңа жобалар мен идеяларға толы жыл болғанындығын атап өткім келеді.

Қор өз тарапынан әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан дарынды студенттерді бакалавриат бағдарламасы негізінде іріктеу және қаржыландыру бойынша бағдарламаны әрмен қарай жүзеге асыруда. Болашақта қаржы және экономика саласында жоғары кәсіби элиталы адамдарды осы жастар арасынан қалыптастыру болжанып отыр. Қордың білім грант иегерлері болашақта еліміздің қаржы секторын және экономикасын қалыптастырып, өздерінің жеке компанияларын құрып, түрлі ұйымдарда өз үлестерін қосып, ат салысуға еңбек етеді деген сенім артамыз.

Сонымен бірге, атап өтетін жайт, осы жылы Қор басшылығының тарапынан балалар үйінің түлектеріне арналған алты білім гранттарын тағайындау бекітілді. Қазақстанның барлық аймақтары бойынша жастайларынан қиын жағдайларды бастарынан кешіріп, оған мойынсынбай, білімдерін ары қарай дамытуға ниеттенген жастар арасында іріктеу жүргізілді. Біз сол жастардың өз өмірлерін құрып, маңызды жетістіктерге жететіндеріне сенім білдіреміз. Осы жыл Қор ұжымының мүшелерінен ауызбірлікті, командалық рух пен бірегей шешімдерді жүзеге асырудағы асқан батылдықты талап етті.

Өйткені, бұл жылы Қор мүмкіндігі шектеулі жастарға арналған білім гранттарын тағайындау бағдарламасын жүзеге асырды. Күрделі іріктеу кезеңдерінен мүдірмей өткен он жеңімпаздар қазіргі таңда арнайы – орта оқу мекемелерінде және колледждерде білім алуда. Олардың ара-

сында нашар еститіндер, нашар көретіндер, балалық церебраль сал ауруымен де, бүйректің жетіспеушілігінен созылмалы ауруға ұшыраған балалар да бар. Болашақта Қор қызметкерлері басқа да ұйымдармен ұзақ мерзімдік әріптестік қарым – қатынасқа қол жеткізе отырып, осындай балалардың жұмысқа орналасуларына, өздіктерінен өмір сүруге ақша таба алуларына және біздің қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінулеріне көмектерін тигізеді деп болжам жасалынууда.

Бұл бағдарлама көптеген мәселелер қатарының бар екенін анықтады, яғни, осындай балалардың қажеттіліктеріне оқу орындарының бейімсіздігі, арнайы оқу материалдарының және т.б. құрал жабдықтардың жоқтығы олардың толыққанды білім ордасында оқуына кері әсерлерін тигізді. Қор ұжымы болашақта осы сұрақтардың шешімін табуда бар мүмкіндіктерін және күш жігерлерін жұмсамақшы.

Біз Сіздің осы аталған есеп беттерінен өзіңізге қажетті маңызды және қызықты ақпараттар таба алатыңызға сенеміз. Егер де Қордың бағдарламалары мен жобаларына қызығушылық танытқан компаниялар мен ұйымдар табылып, бізге қосылып сол бағыттарды нығайтуға ат салысамын деушілерге біз өз тарапымыздан ризашылығымызды білдіреміз.

2009 жыл сіздерге тектабысты жыл болсын! Осы жыл жаңа бағдарламалар, табыс әкелетініне, игілікке жеткізетініне сенімдіміз.



Ізгі құрметпен,
Тәтішев Ерлан Нүрідәйімұлы

«Ержан Тәтішев Қоры» Қоғамдық Қор

«Ержан Тәтішев Қоры» Қоғамдық Қор Тәтішевтердің жанұясы және Қазақстандағы ірі бизнесті басқаратын достары тарапынан құрылған қайырымдылық ұйым болып табылады. Қордың Қамқоршылық Кеңесінің құрамына атақты музыканттар, ғалымдар, қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлер кіреді.

Тәтішев Ержан Нүрілдәймұлы өз уақытында Мәскеудегі жетекші жоғары оқу мекемесін аяқтағаннан кейін Тұран Әлем Банкін басқарды, ол осы БТА Банкі арқылы тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар ТМД елдеріндегі банктік секторының көшбасшысы ретінде өзін дәлелдей білді. Ол еліміздегі ірі қаржы мекемесінің жетекшісі бола отырып,

кәсіби білімсіз кез келген салада жетістікке жете алмайтындығын білгендіктен, осы салаға қызығушылық таныта отырып жаңа кадрларды дайындау сұрақтарымен айналысты. Ержан Тәтішев жастай қайтыс болды, бірақ та Банк өз тарапынан сол Ержан бастап кеткен дарынды студенттерге дәстүрлі қолдау көрсету мақсатында түрлі жобалар мен бағдарламаларды әрмен қарай жалғастыруда.

Ержан Тәтішев Қорының құрылуының негізі Қазақстандағы және көршілес елдердегі қаржы және экономика саласындағы жоғары кәсіби білім алуға ниеттенген әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан дарынды жастарға арналған мүмкіндіктерді ұсыну және еліміздің бизнес элитасының негізін қалауға үлестерін қосу болып табылған.

Қор балалар үйінің дарынды түлектеріне білім гранттарын беру арқылы оларды қолдауды жөн көріп отыр. Сонымен қатар, Қор кәсіби білімді алуға ниеттенген және жұмысқа орналастыруда мүмкіндігі шектеулі жастарды қолдайды.

Өз тарапынан Қор білім саласында, денсаулық сақтау саласында, халықтың әлсіз топтарын қолдайтын, халыққа әлеуметтік қызметтер ұсынатын қоғамдық бірлестіктерге белгілі грантты тағайындайды.

Біз еліміздің тұрақты болашағының негізін құрудамыз. Біз жауапкершілік, кәсібилік және көшбасшылық қағидаларға негізделінген болашақты көреміз.



*Жас кезінде білім берсең қалай да,
Өсе келе қолы жетер талайға.*

Жүсіп Баласағұн

Білім бағдарламалары

Ержан Тәтішев Қоры білім бағдарламаларын қарқынды түрде жүзеге асыруын жалғастыруда. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан мектеп түлектеріне арналған білім бағдарламасына 2008 жылы қосымша балалар үйінің түлектеріне және мүгедектігі бар жастарға арналған білім гранттарын ұсыну бойынша екі бағдарлама іске қосылды.

Аталған үш бағдарламаның да жалпы ортақ мақсаты біреу-ақ – болашақта олардың жеке тұлға және кәсіби адам болуына ықпал тигізетін лайықты білім алуға ниеттенген, бойында белсенді өмірлік ұстанымдары бар, мақсатқа бағытталған, дарынды жастарға мүмкіндіктер ұсыну. Қор байқаудың іріктеу кезеңдерінен мүдірмей өткен, өз шамаларын көрсете алған лайықты балаларға гранттарды тағайындайды.

Балалар үйінің түлектеріне және мүгедектігі бар жастарға арналған арнайы бағдарламаларды бекітуге алғашқы жылғы білім бағдарламасының нәтижесі негіз болды. Балалар үйінің түлектері мен мүгедектігі бар жастарды қарапайым отбасылардан шыққан балалармен салыстырғанда, олардың арасында едәуір айырмашылықтар бар екенін байқаудың іріктеу кезеңдерінің нәтижелерінен аңғардық. Өйткені, балалар үйінің түлектері мен мүгедектігі бар жастар қарапайым отбасылардан шыққан балалармен тең деңгейде білімдерін ортаға салып, бақталастыра алмайтынын көрдік.



Ержан Тәтішев Қорының 2008 жылғы білім
бағдарламаларының жеңімпаздары:



Бақтыбаев
Әлихан
Тараз



Адаюшкіна
Салтанат
Орал



Абдуалиева
Гүлнұр
Алматы



Жекпелдінов
Ернар
Алматы



Алмағанбетов
Жандос
*Оңтүстік
Қазақстан
облысы*



Амангелді
Тимур
Алматы



Қабдрахман
Азамат
Семей



Әубақирова
Тұрсынәй
Тараз



Бейсенбекова
Алмагүл
Астана



Кравченко
Константин
Петропавл



Баянов
Александр
Петропавл



Даулетбаева
Айгерім
Жамбыл облысы



Михальченко
Ирина
Алматы



Исаева
Фарида
*Оңтүстік
Қазақстан
облысы*



Ермаков
Владимир
Қостанай



Орумбаев
Исламбек
Жезқазған



Марахина
Елена
*Шығыс
Қазақстан*



Жаненов
Тимур
Астана

Мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік.

Халық даналығы



Жолжанова
Айдана
Алматы
облысы



Қошқарбаева
Махабат
Жамбыл облысы



Омарова
Айгерім
Жамбыл
облысы



Өсерова Малика
Алматы

«Біз балалар үйінің тұлпарларымен және мүгедектеріміз бар жастармен жұмыс жасай бастағанда, біздің қоғамның оларға деген немқұрайлы қарайтындығын аңғардық, тіпті оларға деген ықыластарының жоқтығын байқадық. Ол көптеген адамдарға ешқандай да мүмкіндіктер мен үміт, ықыластық бермейтінін түсіндік. Біз жетістіктерді, олимпиадалық медальдарды бар әлемге жар салып айтамыз, бірақ та сол қарапайым адамдарға ешқандай да мүмкіндіктер мен үміттер бермейміз. Байқаудың іріктеу кезеңдерінен көргеніміздей, біз бесік-арбадағы балаларға гранттар бере алмайтынымызды түсіндік, өйткені, бұндай балалардың қажеттіліктеріне оқу орындар дайын емес, тіпті оларды ескермейді де. Күннен - күнге супермаркеттер саны көбеюде, бірақ та олар ерекше назарды қажет ететіндердің қажеттіліктерін ескермейді, тіпті қоғамның ықыластары да жоқ. Біз Қоғамдық Қорды құра келе, арнайы білім гранттарын бекіту негізінде мүгедектеріміз бар жастардың өмірлерін өзгеруіне әсерін тигізетін кішкентай болса да көмектерімізді ұсынудамыз», - деп Қордың Қамқоршылық Кеңесінің негізін салушы және мүшесі Еркін Тәтішев 2008 жылғы білім гранттарын тағайындаудың салтанатты кешіндегі өз сөзінде айтып өтті.

Мен өткен жылға қарап біздің өскенімізді байқадым. Ол Қор тарапынан өткізілген кездесулер, тренингтер және кез келгеніміздің қатысуымыздың арқасында деп ойлаймын, мен бұдан әрі тоқтамай, еңбек етуге дайынмын. Болашақта бізді көптеген жетістіктер күтіп тұр, яғни, биік шыңдарға жетіп, табыстарға қол жеткізетініміз әбден мүмкін. Қор бізге сеніммен қарап, үлкен жауапкершілікті артып отыр. Сондықтан да ең негізгісі әрдайым бар жағынан лайықты абзал жан болу қажет.

Бутина Сабина, 2007 жылғы Қор шәкірті



*Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан!
Сен де – бір кірпіш дүниеге
Кемігін тап та, бар, қалан!*

Абай Құнанбаев

Шәкірттердің жеке тұлғалық әлеуетін дамыту



Еркін Нұрлұдайымұлы үнемі былай дейді: «көп жағдайларға немқұрайлы қарамауымыз қажет». Менің ойымша осы жыл бәрімізді барлық жағдайға бар назарымызды аударып, оларға немқұрайлылық танытпау қажеттігіне үйретті. Тіпті, кейбіреулеріміз жан жағымызда болып жатқан

уақиғаларға ерекше көңіл аударма бастадық. Менің көзқарасымша, «көп жағдайларға немқұрайлы қарамауымыз қажет» деген фразасын түрлі мағынада қарастыруға болады. Ол тіпті біздің өміріміздің кез келген саласына қатысты да қолданылатын сияқты. 2008 жылдың маңыздылығы Қор мақсаткерлігінің түпкі негізін сезінумен ерекшеленді. Сол алға қойылған мақсаттар біздің, жастардың мойнында екенін біз өз тарапымыздан түсіндік. Сонымен қатар, «көп жағдайларға немқұрайлы қарамауымыз қажет» деген қағиданы өз бойымызға дарыта білу, жаңа мүмкіндіктерді ашу біз үшін, Қор шәкірттері және Қазақстанның қазіргі қоғамның жас өкілдері үшін өте маңызды.

*Белходжаев Нұрсұлтан,
2007 жылғы Қор шәкірті*

Ержан Тәгішев Қоры өзінің мақсаткерлігін дарынды жастарға білім гранттарын тағайындаумен шектеуді көздемейді. Біз өз тарапымыздан шәкірттеріміздің жеке тұлғалық әлеуеттерін қалыптастырып, дамытуда ат салысамыз.


Осындай мақсатты негізге ала отырып, 2008 жылы күз айында Қордың пікір сайыс клубы ұйымдастырылды, бұл пікір сайыс клубы айына бір рет өткізіледі. Бұл аталған кездесулерде студенттер қазіргі таңдағы экономика, саясат және әлеуметтік өмір саласындағы оларды толғандырып жүрген түрлі сұрақтарды



ортаға салып, қарастырып, талқылайды. Сол кездесулерде спикер болып, өз ой пікірін ортаға салып, ақыл кеңестерін беріп, студенттерге қолдау көрсетуге Қордың негізін салушы және Қамқоршылық Кеңесінің мүшесі Тәтішев Еркін, сонымен қатар атақты саясаткер Сәтбаев Досымда қатысты. Тағы да атап өтетін жайт, Қор өз тарапынан ресми емес кездесулер ұйымдастырады, соның қатарына, шәкірттердің көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған қарым – қатынас стилі, басшылыққа алу стилі және т.б. тақырыптарда түрлі тренингтер, кездесулер жатқызылады. Шәкірттердің іскерлік дағдыларын қалыптастыра келе, біз командалық рухтарын көтермелеу жайлы да ұмытпаймыз.

Жастардың ересек өмірге алғашқы қадам бастағаннан кейін олардың қандай қиындықтарға жолығатыны, қандай психологиялық жағдайды бастарынан кешіретінін жақсы білеміз. Жанұясы бар студенттерге әрдайым ата – аналары тарапынан қолдау көрсетіліп тұрады. Бәріне белгілі балалар үйінің түлектері өздіктерін өмір сүруге тиіс. Сондықтан да олардың әлеуметтік және психологиялық бейімделуіне ықпал етудегі негізінде психологиялық қолдау қызметі құрылды. Бұл жерде олар жеке тұлғалық әлеуеттерін өсіру, тұрмыстық сипаттағы сұрақтар бойынша, яғни, жалпы студенттік өмірде кездесетін сұрақтарға жауап ала алады, оларға психолог, әлеуметтік қызметкер тарапынан ақыл кеңестер беріледі.

Біз Қор тарапынан іске асырылып жатқан әрекеттердің нәтижесі қазіргі және болашақтағы шәкірттеріміздің тек бизнес саласында ғана емес, сонымен қатар жеке қызығушылық танытқан салаларда білікті кәсібиліктердің тұрақты қауымдастықтағын қалыптастырады деген сенім білдіреміз.



*Көз сәулесінен көңіл сәулесі күштірек.
F.Мұстафин*

Кентау қаласындағы жастарды далыту бағдарламасы

Тәгішев Ержан Нүрілдәйімұлы Кентау қаласындағы Ю.Гагарин атындағы №16 орта мектепті тәмәмдаған. Атақты адамдардың елеулі жетістіктерін жалғастыру мақсатында олардың «альма матеріне» қолдау көрсету дәстүрін ары қарай жалғастыру негізінде Ержан атымен аталған Қор Кентау қаласының жастарына және №16 орта мектепке ерекше көңіл аударады.



Қор жастарды азаматтық позицияны алуға, өмірлік құндылықтарды және басымдылықтарды иемденуге үміт береді, оларды еліктіреді және мадақтайды. 2009 жылы №16 орта мектеп базасында қала жастарының көшбасшылық дағдыларын дамыту мақсатында «Лидерлік мектебін» ашу көзделініп отыр.

Бұл жерде 3 жыл қатарынан Ержанды еске алу іс – шаралары өткізіліп тұрады. Оны ұйымдастырушылар «Ержан Тәгішев Қоры» Қоғамдық Қоры, «БТА Банк» АҚ-ның Оңтүстік қазақстандық филиалы және №16 орта мектеп әкімшілігі. Кентау қаласының мектептері дәстүрге айналған байқаулар мен сайыстарға өз командаларын дайындайды. Өткен жылы әскери спорттық шаралардан басқа, кіші мектеп сыныптарына арналған ақыл ойдық викторина, тақпақ, өлеңдер байқауы ұйымдастырылды. Біз байқауларға, сайыстарға қатысқан Кентау қаласындағы мектеп оқушыларының жан қиярлық ер жүректерін, олардың белсенділіктерін атап өтеміз.

Сонымен қатар, 2007 жылдан бастап Қор Кентау қаласындағы №16 орта мектеп жоғары сынып оқушылары арасында Ержан Тәгішев атындағы стипендияны тағайындау мақсатында жыл сайын байқау өткізеді. Шәкіртақылар оқушының өткен жылдағы бағаларына қарап байқау негізінде тағайындалады. Комиссия мүшелеріне мектеп мұғалімдері, оқушылардың



ата – аналары және БТА Банкінің өкілдері кіреді. 2008 жылғы жеңімпаздар: Атаханов Нұрмахамбет, Ефанова Мария, Ахметова Фариза, Кеңесбектегі Алмас, Сайпиева Севара, Степанова Людмила, Тұрабаева Нұрия, Пашанова Диля. Бұл тізімдегі екі жеңімпаздар жоғары оқу үлгірiмдiлiгiн көрсеткендiгi үшiн биылғы жылы да шәкiртақыға ие болды.

Шәкiртақы бұл мектептiң жоғары сынып оқушыларының академиялық үлгiрiмдерiнiң марапаты болып есептеледi. Ол мектеп

оқушыларының жаңа бiлiмдердi және iскерлiктердi, қоғамдық өмiрге белсендiлiктi иемденген жастарды қолдауға және мадақтауға бағытталған. Мектеп директоры Прохорова Ларисаның сөзiне қарасақ, сынып журналдарында өткен жылғы байқауға қатысқан оқушыларда кiлең жақсы бағалар қатары мен сол оқушылардың саны да көбейген. Мектепте үздiк атануға тырысқан балалардың академиялық көрсеткiштерi көтерiлгендiгiн оқушылардың өздерi де байқаған.

*Ғұмырдың өткінші екенін ұғын да – жақсылық,
қайырымдылық жасаудан жалықпа.*

Халық даналығы

Коммерциялық емес ұйымдарға арналған гранттар бағдарламасы

Ержан Тәгішев Қоры табысты мақсат етпейтін коммерциялық емес ұйымдарға әлеуметтік маңызды жобаларды қолдау бойынша өз жұмыстарын әрмен қарай жалғастыруда. 2008 жылы біздің тарапымыздан қолдау тапқан идеялар, жобалар қазіргі кездегі нақты, маңызды нәтижелер әкелетінін атап өтейік. Қорға өткен жылы жастар және спорт, мәдениет және өнер саласында, қоғамдық, медициналық, әлеуметтік салалаларда мәселелерді шешуге бағытталған коммерциялық ұйымдардан алпыстан аса өтінімдер келіп түсті. 2008 жылы 12 млн. 875 мың теңгені құрайтын жобалар қолдау тапты.



Армандар орындалады...

Осы жылдың көктемінде Ержан Тәгішев Қоры «Алматы облысының әйелдер ауылдық желісі» қоғамдық бірлестігінің жобасына қолдау көрсетті. Бұл жоба аясында Алматы облысының ауыл әйелдеріне арналған семинарлар өткізілді. Осы жобаға қатысқан ауыл әйелдері соңғы жылдары көптеген қиыншылықтарды бастарынан кешірді – осалдықты, сенімсіздікті сезіну, соның негізінде ауылда жұмыссыздық қатары көбейді. Жобаның мақсаты фокустық топтарда туындаған өз мәселелерін шешуде, «өз ісін» ашуда көмек көрсету, өз отбасына табыс әкелетін өз бизнес идеясын жүзеге асыру технологияларына үйрету көзделген. Жобаның нәтижелерін жобаға қатысқан қатысушы Галинаның хатынан көруге болады (қысқартылған түрі).

Жобаны жүзеге асыру аясында жүргізілген семинарларға 264 адамдар қатысты. Қазіргі таңда 8 өзара қолдау топтары құрылды (сол топтардың құрамында 57 адам бар), олар түрлі әрекеттермен айланысуда. Оқыту негізінде 17 адам өз ісін ашты, ал оның 14 адамы «Алматылық агромаркетинг орталығынан» 1300000 теңге көлемінде шағын несие алды. Бұл алты ай ішіндегі алғашқы нәтижелер, бірақ та бұл аймақта халық белсенділік білдірумен көп жетістіктерге жететініне күмән жоқ.

Галинаның хаты

Менің есімім Галина. Мен Алматы облысы, Мамбет ауылында тұрамын. Қайта құрылу кезеңінен кейін, біздің ауыл да басқа ауылдар сияқты кедейшілік сипатқа ие болды. Кез келгені қолынан келгенше өмір сүре бастады: жұмыс болмады, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілмеді. Міне сол кезде мен ешкімге де, еш нәрсеге де сенбедім. Еске түсірсем, сол жылдары мен сияқты есін әлі де жиып үлгермегендер қатары көп болды.

Өмір бойы мен бала бақшада тәрбиеші педагог болып жұмыс жасадым. Мен жұмысыма бар жанымды беріп істедім, балаларды жақсы көрдім, олармен бірге түрлі сабақтар өткізу мен үшін қанағаттанарлық жағдай болды. Ауыр күндер түскенде, бала бақша қатары жабыла бастады. Көптеген аналар балаларын үйде жалғыз тастап, жұмысқа шыққандарын өз көзіммен көрдім. Олар қай бір жетіскендерінен олай жасауға барды дейсің?! Мен де ұзақ уақыт бойы жұмыссыз жүрдім, бірде тапсырыс алып заттар тіктім, бірде көшеге шығып газеттер саттым, бірақ та өз арманымды іске асыруды үнемі ойлауда болдым, бүгін болмасын, ертең, әйтеуір бір күні өзім аңсаған тәрбиеші педагог ісімен айналысатынымды ойлап жүрдім.

Осы жылдың көктем мезгілінде «Алматы облысының әйелдер ауылдық желісі» қоғамдық бірлестігінің әлеуметтік қызметкерлері біздің ауылда бірнеше кездесулер өткізді. Сол бір кездесулердің біріне мен де қатыстым. Алматы облысының әйелдер ауылдық желісі» қоғамдық бірлестігінің әлеуметтік қызметкерлері жоба жайлы, Қор жайлы ақпараттар берді. Олар бізге өзара топ құрып, сол арқылы жұмыс жасауды ұсынды. Бұл ой бізге де ұнады.

Мені сол кезде ұйқыдан оятқандай болды, бізге сенім білдіріп, өзіңе, сонымен қатар басқаларға да көмектесе алатымызды айтып, бойымыздан сонау жылдар бойы ұйықтаған бір алып күшті оятты. Көптеген әңгімелесуден кейін мен, басқа да бірнеше құрбыларымен бірге отырып, өзара топты құрдық. Біз жинақ жарналарын жинастыра бастадық, ай сайын 500 теңгеден жинап, оған көрпе, төсек жамылғыларын тігетін материалдар ала бастадық. Бұл жерде сонымен қатар, бізді «Алматылық агромаркетингтік орталығы» товарды жүзеге асыру мақсатында 30000 көлемінде шағын несие берді.

Алғашқы кезде біздің сатып алушыларымыз туыстарымыз, достарымыз, көршілеріміз болды. Кез келген заттан біз біраз болса да табыс көрдік, оны біздің бухгалтеріміз есептеп, біздің жинақ жарнағамызға енгізді. Ай өткен сайын біз заттарымызды қарқынды түрде өткізе бастадық, сатып алушылар қатары да көбейді, сол топтың арқасында мен ақшаға өте қысылмайтын болдым. Мен де енді тек тамаққа емес, сонымен қатар басқа да қажетті заттарымды алуға қаражатым жеткілікті бола бастады. Жарыққа, жылуға, суға төлей алатын жағдайға жеттім (бұрын соңды ол біраз ауырға түсетін). Өзіме сене бастадым, ертеңгі күнімді ойлаудан қорқудан бас тарта бастадым. Менің құрбыларым менің бойымнан өмірге деген құлшынысты, белсенділікті аңғара бастады. Мен көңілді, қуанышты болып, уайым қайғыларымды топта шешіп, жеңілдене бастадым. Енді болашақта шағын бала бақша ашуды көздеп жүрмін, өз ісімен айналысуды жөн санап жүрмін.

Мәңгібақи сырқатпен өмір сүру мүмкін бе?



Біз бәріміз сырқаттың қандай болатынын білеміз. Бірақ та үнемі сол сырқатпен өмір сүретін адамдар жайлы кез келгеніміз ойлаған жоқпыз.

Бұндай жағдайда адам өзінің қалыпты өмір сүруін ұмыту қажет болады.

Оның іскерлік белсенділігі төмендейді, адам

рухани тепе теңсіздікті сезінеді, әлеуметтік өзара қатынас

екінші орынға сырғиды, сонымен қатар материалдық қажеттіліктер жеткіліксіз жағдайға ұшырайды. Оларға әрбір күнін сырқатсыз өткізу ол үшін қуаныш.

2008 жылдың басында Ержан Тәтішев Қоры Павлодар қаласындағы хоспис әрекетімен айналысатын «Солярис» қоғамдық қорының жобасын қаржыландырды. Қордың қаражатына сырқаттанғандарға ыңғайлы, (онкологиялық аурулар) олардың ауруларын жеңілдететін, жансыздандыратын жаңа жетілген әдістемені қолданатын медициналық құрал жабдықтар сатып алынды.

Хоспис әрекеттерінің негізгі мақсаты созылмалы жазылмайтын пациенттердің өмірлерін жақсартуды ықпал ету. Жазылмайтын онкологиялық аурумен ауыратын пациенттерге (95%) созылмалы күшті сырқат ауруының алдын алу. Осыған дейін Павлодардағы хосписте сатылы жансыздандыру технологиясы қолданған. Бірақ та, бұлай емдеу кері әсерін тигізді, әсіресе, токсикалық гепатит, қан

тоқтамау, асқазанның ауруы, нашаға тәуелділік және т.б. ауруларға әкеп соқты. Сонымен қатар, «ауыртпалықсыз өмір» жеңілдету тек бір екі күнге ғана созылады.

Ержан Тәтішев Қорының қаражатына ауруын жансыздандыратын жаңа құрал, яғни, эпидуральді жансыздандыру деп аталатын құрал жабдықтар алынды. Тұрақты ауруын жеңілдететін, жансыздандыратын бұл тиімді әдіспен 2-3 аптаға дейін сырқатын ойламай жүре алады. Пациент ауруды сезбейді, белсенді өмір сүреді, басқа да анальгетикалық заттарды қолданбай жүре алады. Бұл тәсіл паллиативті медицинадағы созылмалы синдромдарды жазудағы «алтын стандарт» болып табылады.

Ешқандай жағдайға қарамастан, осындай адамдардың белсенді болуларына ықпал ету, оларды өмірге қайта қайтаруда қол ұшымызды беру – кез келгеніміздің парызымыз екенін ұмытпағанымыз жөн сияқты.



Өмір балалардың қуанышынан, шат күлкілерінен тұра ма?

Қазіргі таңда Семей қаласында әртүрлі мүгедектігі бар 1050 балалар бар. Бұндай балаларды тәрбиелеу қарапайым басқа балаларды тәрбиелеуге қарағанда өте қиындырақ. Отбасында тәрбие және білім алатын бұндай балалар қоғамнан оқшаулау өмір сүруде. Оның себебі – қорқыныш, үрей, материалдық жағдай. Қоғамдық транспортта, көшеде, қоғамдық орындарда мұндай балаларды кемсітеді, мазақтайды деген қорқыныш-үрей. Қаражаттың тапшылығы – көптеген ата-аналар осындай балаларына қамқор боламын деп жұмыс істемей үйде отыруда, сондықтан да балаларды бағып-қағуға деген қаражаттың жетіспеушілігі туындайды. Сондықтан да орта мектептерде балалардың білім алуына кететін қаражаттарды ата-аналары шығара алмайды. Ал бұндай баланың сол қоғамда тез бейімделіп, үйренісіп кетуі екі талай. Міне, осы жерде баланың толық – қанды дами алмауы, коммуникативті дағдылардың төмендігі, өзін-өзі бағалаудың төмендігі қалыптасады.

«Асыл» ҚБ тарапынан әзірленген және жүзеге асырылған бұл жоба қоғамдағы балалардың бейімделу мен орнығуына арналған жағдайлар жасауға бағытталған.

322 баламен жұмыс жасайтын «Үйдегі мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік қызмет көрсету Орталығымен» бірге, серіктестікте бола отырып, «Асыл» ҚБ балаларға арналған түрлі ойын, спорттық, шығармашылық үйірмелерді ұйымдастырып, өткізуде. Бірақ та көліктің жоқтығынан көптеген балалар сабақтарға қатыса алмаған. Сондықтан да Ержан Тәтішев Қорының қаржылай қолдауымен балаларға алынған микроавтобус осы жобаның алғашқы бастамасы болды.



Ержан Тәтішев Қорының қосқан үлесі күнделікті көлік жағынан қиналып жүрген ата-аналардың бір мәселесін шешуге мүмкіндіктер берді. Балалардың ата-аналары «Орталыққа» балаларын жиі және өте қызығушылықпен әкеле бастады. Балалар үшін ұйымдастырылған үйірмелерді балалардың өздері жақсы көңіл – күймен, қызығушылықпен қатысуда, түрлі жарыстар мен байқауларға қатысып, өздерін жетілдіруге мүмкіндіктер алуда.

«Мен баламның бойынан өзгерістерді байқай бастадым, бұндай үйірмелерге балаларымның баруы оған өте пайдалы. Бірақ та ұлым Айдарды осы жерге жиі алып келуге менің қаражатым жетпейді, өйткені, еңбек ақым аз. Ал қазір осы үйірме сабақтарына қалмауға тырысып жүрміз. Өйткені, қазір балаларымызға ыңғайлы және ата-аналарға көп көмегін тигізетін үлкен автобус бар, ол балаларды үйді үйден жинап, осы сабақтарға, ата-аналарымен бірге жеткізіп тұрады. Бұл дегеніңіз біз үшін, ата-аналар үшін өте қуаныш, өйткені мен, күнделікті Айдарды сабаққа қалай апарамын деп ойламаймын...» (Айдардың анасы)

Өнерпаз болсаң, өр бол.

М. Әуезов

Қазақстандағы халықтардың көркем қолөнер кәсіпшілігін жаңғырту және қолөнерді дамыту бағдарламасы

Ержан Тәгішев Қоры халықтың әлсіз топтарын қолдауда, жастардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруда, біздің қоғамның мәдени және моральдық құндылықтарын нығайту бойынша әлеуметтік бағдарламаларды құру және дамыту бағыт – бағдарларымен жұмыс жасайды.

Қазақстандағы халықтардың көркем қолөнер кәсіпшілігін жаңғырту және қолөнерді дамыту бағдарламасы Қордың басқа да бағдарламалары сияқты бірнеше міндеттерді шешеді. Бұл бағдарлама қазақтың қолданбалы қолөнер кәсіпшілігін және өнерін жаңғыртуға, сақтауға және дамытуға бағытталған, сонымен қатар шеберлер мен қолөнершілердің өз бизнесін

құруға және табыс табуға жаңа мүмкіндіктер беруде көрінетін әлеуметтік экономикалық аспектілерге де ие. Бұл бағдарлама Орталық Азиядағы Евразия Қорымен бірге әріптестікте жұмыс істелінуде. Сонымен қатар, қаржылай қолдауды «Шеврон» және халықаралық дамыту бойынша АҚШ Агенттіктерінің компаниялары жүзеге асырады.

Жұмыстың алғашқы жылы бағдарлама аясында қолөнершілерді қолдау бойынша 2 ресурстық орталық (Шымкент және Өскемен қалаларында) ашылды, 8 тренингтер (бизнес, дизайн, киіз, керамика, жібек тақырыптарында) өткізілді, қолөнершілердің арасынан 37 тренерлер дайындалынды. Жалпы алғанда, барлық

тренингтерге 116 шеберлер мен қолөнершілер қатысты, 4 қолөнершілер жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, өз бизнестерін ашты. Ержан Тәгішев Қорының қаражатына 2008 жылдың қазан айында Шымкент қаласында қолөнершілердің көрмелері өткізілді, және де Астана, Шымкент, Түркістан қалаларында басқа да әріптестердің





қатысуымен алты көрме ұйымдастырылды. Жалпы алғанда, Қазақстанның түрлі аймақтарынан келген 178 шеберлер мен қолөнершілер қатысты.

Біздің Қор шеберлердің өз істерін ашу арқылы, бір жағынан табыс әкеле біздің еліміздің тұрғындарына көмектестініне, екінші жағынан, Қазақстандағы халықтардың көркем қолөнер кәсіпшілігін жаңғырту және қолөнерді дамыту туралы өз білімдерімен бөлісетініне ерекше көңіл бөледі. Біз бағдарлама бойынша басқа да әріптестерден және Қор тарапынан қолдау тауып отырған ресурстық орталықтар Шығыс және Оңтүстік Қазақстан облыстарының қолөнершілеріне өз өнімдерінің сапаларын жақсартуға, өз сатып алушыларын табуға, кәсіби өсуге және бизнесті нығайтуға тұрақты байланыстарды құруға және кеңейтуге көмектеседі деген ойдамыз.

Балалық шақтағы шеберлік


Бейсенова Жұпар Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласында дүниеге келген. 1993 жылдан бастап Жұпар Ә.Қастеев атындағы Шымкенттік көркем колледжінде тоқымашылықтан сабақ береді. Жұпар қолөнермен жастайынан, балалық шағынан қызығушылық танытқан. Қолөнерге деген оның қатынасын дамытуға оның отбасындағы атмосфера жағдайы қатты әсер етеді: әжесі жүнді өңдеумен айналысқан, шешесі тігуді жақсы көрген, әкесі суретші болып жұмыс жасаған.

Жұпардың қолөнер әрекетінің негізгі бағыты тоқыма суретті кілемді өндіру болып табылады. Өзінің көп жылғы тоқымашылықтан тәжірибесі барына қарамастан, Жұпар киізді және киіз өнімдерін өңдеудің қазіргі таңдағы әдіс тәсілдерін білмеген екен. «Қолөнершілерді қолдау бағдарламасына сәйкес, мен көптеген семинарларға және мастер кластарға қатысып, қызықты адамдармен танысып, өз ісімен басқаша қарай бастадым», - дейді Жұпар.

Оңтүстік Қазақстандық ресурстық орталықтың қолдауымен Жұпар өз ісін заңды түрде заңдастырып, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген. «Мен өткенде Оңтүстік Қазақстан қолөнершілеріне, соның ішінде жас қыздар мен балаларға киіз бойынша алғашқы мастер классты өткіздім, киіз өнімін өндіру бойынша өз тәжірибеммен және біліммен бөлістім, – дейді Жұпар өз әңгімесінде. – Мастер классты өткізу бойынша алғашқы гонорарымды алғаннан кейін болашақта жаңа бастаған қолөнершілерге және қызығушылық танытқандарға тағы да мастер класстарды өткізуді жоспарлап отырмын». Мастер класстарды өткізу Жұпардың кәсіпкерлік әрекетінің негізі болып табылады. Сонымен қатар ол өз өнімдерін сатуда бірақ та әзірше арнайы көрмелерде ғана сатып, өз өнерін насихаттауда. Өткен жолы оның өнімдерін Астананың 10 жылдығына арналған көрмеде көрсетілді.


2008 жылдағы ұйымның қаржылық шығындар құрылымы

Бюджеттің құрылымы



■ Бағдарлық әрекет	80 540 143 теңге
■ Бағдарламаларды қолдау	5 263 868 теңге
■ Әкімшілік шығындар	22 733 956 теңге
Барлығы	108 537 967 теңге

Бағдарлық әрекеттің құрылымы



■ Білім гранттары	27 102 491 теңге
■ Кентаудағы жастарықыластарын қолдау	1 028 000 теңге
■ Қайырымдылық	46 448 228 теңге
■ Қолөнер кәсіпшілігін дамыту	5 961 424 теңге
Барлығы	80 540 143 теңге

Ұйымның құрылымы

Қордың Қамқоршылық Кеңесі

Қамқоршылық Кеңесінің Төрағасы

Тәтішев Ерлан Нүрілдәйімұлы

Қамқоршылық Кеңесінің мүшелері

Әблязов Мұхтар Қабылұлы

Тәтішев Еркін Нүрілдәйімұлы

Қамқоршылық Кеңесінің са- рапшы мүшелері

Домбай Қуат Есімғалиұлы

Қамқоршылық Кеңесінің құрметті мүшелері

Әуезов Мұрат Мұзтарұлы

Бисенғалиев Марат Саметұлы

Байтасов Арманжан Мерекеұлы

Қаныбеков Нұрлан Әсембекұлы

Келімбетов Қайрат Нематұлы

Мәжібаев Қайрат Қуанышбайұлы

Смағұлов Нұрлан Еркебұланұлы

Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы

Шарманов Төрегелді Шарманұлы

Қордың қызметкерлері

Президент

Айтмағамбетов Марат

тел.: (727) 266 34 93

e-mail: m_aitmagambetov@bta.kz

Бағдарламалық директоры

Жарықова Дана

тел.: (727) 266 34 95

e-mail: dzharikova@bta.kz

Бағдарламалық үйлестіруші

Қалиев Асқар

тел.: (727) 266 79 89

e-mail: a_kaliev@bta.kz

Офис менеджер

Жазықбекова Тоқтархан

тел.: (727) 266 34 94

e-mail: foundation@bta.kz